

«Астрахан ауылының №1 ЖОББМ» КММ 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысы наурыз айы бойынша аналитикалық есебі.

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

АДАЛ АЗАМАТ

ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ

“Тәуелсіз және Отаншылдық”

“Бірлік және ынтымақ”

“Жасампаздық және жаңашылдық”

«Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық» айы.

1 наурыз “Алғыс айту” күніне орай “Астрахан ауылының №1 ЖОББМ” КММ де “Алғысым шексіз” атты мерекелік шығармашылық концерт өтті.

Концерттің негізгі мақсаты: “Біртұтас тәрбие бағдарламасы” аясында білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастыра отырып, іс-шара барысында ата-аналар өздерінің балаларын сахнадан көріп, дарынды балалардың шығармашылық жұмыстарының нәтижелерін көріп, ризашылықтарын білдірді. Сонымен қатар концерттің соңында мектептің “Қамқоршылық кеңесі” құттықтау сөздерін айтып, концертке келген қонақтарға арнап шашау шашып, наурыз көже таратып, алда келе жатқан наурыз мейрамымен құттықтады.



1-11 сыныптар арасында "Алғыс айту - парызым" атты сынып сағаттары өтті. Балалар өздерінің видеороликтерінде ата-аналарына, ата-әжесіне, ұстаздарына, достарына алғыстарын білдірді. Ұстаздарға-білім мен тәрбие бергендердіңіз үшін, ата-аналарға махаббат пен қолдау көрсеткендері үшін, достарыңа адал достық үшін мың алғыс айтады!



«Алғыс айту - парызым»

Мақсаты: балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту

Міндеттері: - ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру;
- үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыйайлық қарым-қатынасын дамыту;
- әдептілікке, кишіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

Қанат Мұстафин **"MAGRIFAT"** қоғамдық бірлестігінің теологы. Астрахан ауданы ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша "Діни экстремизм мен терроризм, жат және деструктивті діни ағымдардың ықпалынан сақтандыру" тақырыбы бойынша 9-11 сынып оқушыларымен кездесіп, ақпарат берді.




Терроризм мен экстремизмнің алдын алу субъектілері ҰҚК жергілікті департаменттерінің үйлестіруімен қарсы насихаттық бейнероликтер дайындады. Бейнематериалдардың мақсаты - терроризм актісінің қауіпі туындаған жағдайда әрекет ету ережелерін көрсету, радикалды идеологияның зардабын және Қазақстан Республикасының заңнамасына


сәйкес жауапкершілікті жеткізу.

Кең профилактикалық әсер ету мақсатында білім беру мекемелерінде лэд-экрандарда бейнероликтерді таратуды қамтамасыз ету қажет.

Іс-шараларды іске асыру «бір материал - бір апта» форматында жүргізілуде.



Балалар арасындағы буллинг оқиғалары жиілеп кетті. Бұл жағдай суицидтік мінез-құлық пен құқық бұзушылықтарға әкелуі мүмкін. Осыған байланысты: Ата-аналар мен оқушылар арасында тәрбие мәдениетін сақтау бойынша тұрақты түсіндіру жұмыстарын жүргізілді. Балалардың ұжымдық іс-шараларға қатысуын жандандыруға бағытталған жұмыстарды күшейтілді. Буллинктің алдын алу үшін ерте араласу өте маңызды! Мұғалімдердің мұқият болуы және дұрыс ұстаным ұстануы маңызды. Ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынас орнауы тиіс. Осыған байланысты мектептерге балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілеріне жедел әрекет ету алгоритмін (қоса беріледі) қайтадан жеткізу қажет. Әкімшілік жауапкершілік туралы нормативтік актілер: Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (05.07.2014) 30-бап - Лауазымды тұлға өз қызметтік міндеттерін орындамау немесе тиісінше орындамау нәтижесінде әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тартылады. 127-1-бап Егер білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау саласындағы қызметкерлер кәмелетке толмағандарға немесе олардың тарапынан жасалған қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттер туралы құқық қорғау органдарына хабарламаса: Жеке тұлғаларға 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Лауазымды тұлғаларға 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Егер осы құқық бұзушылық бір жылдың ішінде қайталанса: Жеке тұлғаларға 20 АЕК айыппұл. Лауазымды тұлғаларға 30 АЕК айыппұл. 127-2-бап - Буллинг (кибербуллинг) жасау: Бірінші рет жасалса ескерту немесе 10 АЕК айыппұл. Егер бір жыл ішінде қайталанса 30 АЕК айыппұл. Осы нормаларды ескере отырып, мектептер буллинктің алдын алу және оған жол бермеу шаралары жүргізілуде.



Жоспарға сай 5-11 сынып оқушылары арасында лездеме өтті. Лездемеде мектеп директоры: Г.Шонгалова көктемгі демалыс кезеңі 21-31 наурыз аралығы және көктемгі демалыс уақытындағы қауіпсіздік ережелері туралы оқушыларға ақпарат берді.



Баскетболдан аудандық 9-11 сынып оқушылары арасында жарыстан мектебіміздің құрама командасы ІІІ орынға ие болды.
Жетекшісі: Асханбай. Ж,
Елиманов Е.С.



“Наурызнама” атты жоспарға сай “Ұлттық киім-ұлт айнасы” атты мектепте ұлттық киіммен жүру.



1-11 сыныптар арасында "Аналар күні" атты сынып сағаттары өтті. Балалар өздерінің видеороликтерінде аналарына, әжесіне, ұстаздарын құттықтады.



Мектеп кітапханасында 3 сынып оқушыларымен "Табиғат - тіршілік бесігі" тақырыбында оқу сағаты өткізілді. Мақсаты: Табиғат тіршілік бастауы, адам табиғаттың бір бөлшегі екендігін, табиғат заңдылықтарын сақтау туралы түсініктерін кеңейту және оқушыларға Табиғат адамзаттың еңбек етіп, өмір сүретін ортасы екені туралы ой өрісін, ойлау қабілеттерін дамыту, қоршаған орта табиғатын аялауға, қорғауға, туған жерін сүйуге тәрбиелеу



Наурыз - “Ұлыстың ұлы күні” мейрамына арналған “ Қазақ халқының салт-дәстүрлері” атты тақырыбында 11”А” - 11”Ә” сынып оқушыларымен сұрақ-жауап ойыны өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға қазақ халқының ежелден сақталып, атадан балаға мұра етіп қалдырған ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрпын құрметтеуге тәрбиелеу.

Наурыз-бақыттың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, өмірге нұр сыйлаған, сезімге гүл сыйлаған, халық қастерлейтін күн. Ұлыстың ұлы күні құтты болсын

Қазақ халқының дәстүрінде 14 наурызға ілтипат жоғары. **«Амал мерекесі»** деп, **«Көрісу күні»** деп ерекше қарсы алады. Өйткені бұл күн – табиғаттың жаңаруымен тұспа-тұс келетін, жыл басы ретінде қабылданған ұлық мейрам. Ғасырлар бойы қазақ халқы осы күнді Жаңа жылдың бастауы ретінде тойлап, үлкен-кіші бір-бірімен көрісіп, жаңа жылға аман-есен жеткеніне шүкіршілік еткен. Қазір ұлттық сана-сезімнің жаңғыруымен бірге Жыл басы да жалпыұлттық деңгейде атап өтілуде.



19 наурыз күні мектеп алаңында **«Қош келдің, әз наурыз»** атты мерекелік іс-шара өтті.

іс-шараға 0-11 сынып арасындағы оқушылар, ата-аналар, Даналық мектептері және қонақтар қатысты. Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт – дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі

туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт – дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұлттық тағамдарға, ұлттық аспаптарға деген қызығушылығы ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.



**«Астрахан ауылының №1 ЖОББМ» КММ 2024-2025 оқу жылындағы
«НАУРЫЗНАМА» атты көктемгі демалыс уақытындағы іс-шаралар
жоспары**

№	Іс – шаралар	мерзімі	жауапты
1	«Наурыз тойы мереке, салт дәстүрім береке» - дәстүр калейдоскопы	3-4 сыныптар 21 наурыз	Имантаева А.К.
2	«Наурыз мерекесі жайлы не білеміз?» Эссе «Ата баба өсиеттері»	5-9 сыныптар 21 наурыз	Оспанова Г.К.
3	Интеллектуалды марафон «Ортақ жеріміз» Пікірсайыс ток-шоуы «Адалдық алаңы»	10-11 сыныптар 21 наурыз	Ерлан М
4	«Шақырады Наурыз-көктем» іс-шара	22 наурыз	Ибрагимова А.М.

5	Челлендж «Ата дәстүр – асыл қазына», Аспаздық жәрменке «Бауырсақ – PARTY»	24 наурыз 1-2 сыныптар	Отениязова А.А.
6	Флеш моб «Қара жорға»	24 наурыз 8а,ә сыныптар	Кусаинова Б.Т.
7	Ойын саяхат «елге саяхат» біз табиғаттың достарымыз» Конкурстық ойын бағдарламасы «Экологиялық калейдоскоп»	1-2 сыныптар 25 наурыз	Қазанбаева А.А.
8	Ұлттық ойындар «Ұлттық ойын-ұлт игілі»	26 наурыз	Асханбай Ж. Елиманов Е.С.
9	Оқу олимпиадасы «Кітап бастау» отбасылық оқу	27 наурыз	Турдимуратова Б.А.
10	Онлайн фильмдерді қарау, содан кейін ұжымдық талқылау	9 а,ә сыныптар 28 наурыз	Абишева С.Б.
11	«Менің игі істерім» жас еріктілер акциясы	29 наурыз 9-11 сыныптар	Жанабекова Г.Б.
12	Бейне экскурсиялар ең жақсы мұражайлар	30 наурыз 7-8 сыныптар	Байжұманова Ж.У.
13	Отбасылық қонақ бөлмесі «Даналық мектебі» «Біз үйде спорттық ойындар ойнаймыз»	1-11 сыныптар 31 наурыз	Олжабек С



24-наурыз күні "НАУРЫЗНАМА" атты көктемгі уақытындағы іс-шара жоспарына сай "Ата дәстүр-асыл қазына", аспаздық жәрмеңкесі "БАУЫРСАҚ- PARTY" челленджіне 1-2 сынып оқушылары қашықтықтан қатысты. Бауырсақ- қазақтың ұлттық тағамы. Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт – дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт – дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұлттық тағамдарымызға тоқталып, оның ішінде бауырсақтың пісірілуіне, дастарханға қалай қойылатынына көңіл бөліп, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.




25-наурыз күні "НАУРЫЗНАМА" атты көктемгі уақытындағы іс-шара жоспарына сай "Біз табиғаттың достарымыз" атты экологиялық калейдоскопқа 1-2 сынып оқушылары қашықтықтан қатысты.

Мақсаты: " Елге саяхат" Біз - табиғат достарымыз "

балалардың қоршаған ортаға ұқыпты қарауын қалыптастыру; экологиялық сауаттылықты дамытуға; туған өлкеге деген сүйіспеншілікті, туған табиғатқа

деген мейірімділікті тәрбиелеу. Табиғатқа, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру.




"НАУРЫЗНАМА" атты көктемгі демалыс уақытындағы іс-шараның жоспары аясында 11 сынып оқушыларымен "Адалдық алаңы" атты тақыпта онлайн форматта пікірсайыс ток-шоуы ұйымдастырылды.

Негізгі мақсаты - оқушылардың бойында адалдық, парасаттылық, ізгілік пен қайырымдылық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

Пікірсайыс барысында оқушылар қоғамдағы адалдық пен ашықтықтың маңыздылығын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған шараларды талқылады. Қатысушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту, құқық бұзушылықтардың алдын алу және азаматтардың жеке жауапкершілігін арттыру мәселелері бойынша өз дәлелдерін ұсынды.

Пікірталас оқушылардың бойында адалдық, әділдік және заңға құрмет құндылықтарын қалыптастыруға ықпал ете отырып, белсенді және танымдық атмосферада өтті.



26-наурыз күні 1 "ә" сыныбында "Ұлттық ойын- ұлт игілігі" атты көктемгі уақытындағы іс-шара жоспарына сай "Қой көтеру", "Бәйге" ұлттық ойындары ұйымдастырылды.

Ұлттық спорт-біздің мақтанышымыз!

Қой көтеру -күш пен төзімділікті сынайтын дәстүрлі жарыс.

Мақсаты: Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру. Ұлттық ойындарды дәріптей отыра балалардың спортқа деген сүйіспеншілігін арттырып, ептілікке тәрбиелеу.

Оқушылар белсене қатысты, жүлделі орындарға ие болды.



2024-2025 оқу жылындағы "Наурызнама" атты іс-шаралар жоспары аясында, отбасылық кітап оқу дәстүрін жандандыру мақсатында 3/6 сынып оқушылары арасында демалыс уақытында "Кітап бастау" тақырыбында отбасымен кітап оқимыз іс шарасы өткізілді. Мақсаты: ата -аналарды балаларының кітап оқуға белсенділігін қолдауға тарту, оларға отбасылық бос

уақытын кітап оқу ортасына айналдыру, рухани қарым-қатынас жасауға көмек көрсету.Отбасында кітап оқу балалардың бойына жақсы құндылықтарды сіңіреді алады. Ең алдымен балалар ата-аналарымен өткізген уақытының жағымды,жылы естеліктерін жасайды. Оқу сөздік қорды молайтады, сөйлеуіміз бен жазуымызды жан -жақты байытады,қиялды дамытады,ой-өрісін кеңейтеді.



Жаужүрек мың бала» - Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» студиясының 2012 жылы жарыққа шыққан ең ірі жобасы. 9 сынып оқушылармен кинофильмді көріп талқылау жасадық. Жоңғар шапқыншылығы кезінде жауға қарсы шығып, ересек сарбаздармен бірге кең байтақ жері мен елін қорғауға өрелі мінезді өжет жастар бел буады. XVIII ғасырдың басында орын алған «Ақтабан Шұбырынды» ұлы қайғысы мен қазақ халқының жоңғар халқымен болған соғысы көрініс табады. Тарих парақтарынан сыр шертетін шытырман оқиғада қазақтың ерлік көрсеткен ұл-қыздары мен батыр тұлғаларының болмысы бейнеленеді. Фильм соңында қазақ пен жоңғар тартысының аяқталуына ықпал еткен Аңырақай шайқасы көрсетіледі. Тарихи кино талқылау барысында оқушылар өз ойларын ортаға салып, еліміздің тәуелсіздікке қиын жолмен келгеніне тағы бір көз жеткізді. Осындай іс шаралардың тәрбиелік маңызы өте зор. Патриотизімге және Отан сүйгіштікке тәрбиелейді.



Көктемгі демалыс уақытында "Наурызнама" атты жоспарына сәйкес "Менің игі істерім" жас еріктілер акциясы бойынша оқушылар, зейнеткер әженің амандығын білуге барды. Мақсаты үлкендерді құрметтеу, олардың хал-жағдайын сұрап, қамқорлық көрсету, рухани байланыс орнату және өмірлік тәжірибелерінен сабақ алу. Бұл іс-шара оқушыларға мейірімділік, жанашырлық және құрмет сияқты адами қасиеттерді сіңіруге көмектеседі.



“Наурызнама” атты көктемгі демалыс уақытындағы іс-шаралар жоспары аясында, “Отбасылық спорттық ойындар” іс-шарасы 1-4 сынып оқушылары арасында өтті. Мақсаты: ата-аналар балалармен бос уақыттарын тиімді өткізе отырып, спорттық ойындар арқылы оқушыны белсенділікке, сенімділікке, қайсарлыққа, батылдыққа тәрбиелеу. Ойын кезінде әділдікке, жолдастық сенімге, ойынды жетілдіруге тәрбиелеу.

